# Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің 2000 жылғы 9-10 қазандағы Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 қаңтар N 123

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі үдемелі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің 2000 жылғы 9-10 қазандағы Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын және нәтижелері туралы тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер

министрлігіне хабарлап отырсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарласын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 24 қаңтардағы
N 123 қаулысымен бекітілген

Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің 2000 жылғы 9-10 қазандағы
Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген
уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі Іс-шаралар
ЖОСПАРЫ

---

| N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | 1.2000 жылғы 9 қазанда қол қойылған мынадай құжаттардың күшіне енуі жөніндегі мемлекетшілік рәсімдердің орындалуын қамтамасыз ету | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында. ғы өзара саудада жанама салықтарды өндіріп алудың қағидаттары туралы келісім | 2001 жылғы 1 наурызға дейін | Қазақстан Республи. касының Мемлекет. тік кіріс министр. лігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында. ғы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерінің және Ресей Федерациясының Қазақстан Республика. сындағы бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерінің мәртебесі туралы келісім | 2001 жылғы 1 наурызға дейін | Қазақстан Респу. бликасының Мәде. ниет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 3 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында. ғы Ресей Федерациясы, Астрахань қала. сында Қазақстан Республикасының Консулдығын және Қазақстан Республика. сы, Орал қаласында Ресей Федерациясы. ның Консулдығын ашу туралы келісім | 2001 жылғы 1 наурызға дейін | Қазақстан Республи. касының Сыртқы істер министрлігі |
| | 2. Электр энергетикасы | | |
| 4 | "Екібастұз ГРЭС-2" мүліктік кешенінің базасында бірлескен қазақстандық-ресейлік компаниясын құру жөніндегі рәсімдерді аяқтау, акциялардың қосым. ша эмиссиясын жүргізу және стратегия. лық инвесторды тарту мүмкіндігін қоса | 2001 жылғы І тоқсан | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі, Қаржы минис. трлігі, Әділет |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | алғанда, оның жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі негізгі іс-шаралар. ды іске асыруға кірісу | | министрлігі |
| 5 | Жер қойнауын пайдалануға қайтып беріл. ген құқықтар үшін өтемақылар мөлшерін және "Северный" разрезі бойынша инвестициялық бағдарламаны "Ресей БЭЖ" РАҚ-ның орындауды таныганын ескере отырып, оларды "Ресей БЭЖ" РАҚ-на беру тетігін айқындау | 2001 жылғы 31 қаңтарға дейін | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қаржы министрлігі |
| 6 | "Северный" разрезі мен "Богатырь" раз. резі N 9 және N 10 алаңдары бойынша "Ресей БЭЖ" РАҚ-мен жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа қол қою | 2001 жылғы I тоқсан | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі |
| 7 | Бірлескен компания акцияларының 50%, Солтүстік өндірістік-көліктік басқар. масының "Трудовая" және "Ударная" стансаларының мүліктерін оның меншігі. не беру жолымен "Ресей БЭЖ" РАҚ алдын. дағы "Қазақстанэнерго" ҮЭЖ" РМК-ның қарыздарын қайта құрылымдау мен өтеу тетігін іске асыру | 2001 жылғы I тоқсан | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі, Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі |
| 8 | Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның бесінші мәжілісінде қарау үшін "Ресей БЭЖ" РАҚ алдындағы Қазақстанның электр желілерін тарату компанияларының қарыз. дарын өтеу жөніндегі ұсыныстарды дайын. дау | 2001 жылғы 15 қаңтарға дейін | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі, Қаржы министрлігі |
| 9 | "Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" ЖАҚ қазақ. стандық-ресейлік бірлескен кәсіпорнының "Орал ЖЭК" компаниясына қатысуының эко. | 2001 жылғы II тоқсан | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | номикалық орындылығын қарау | | ресурстар министр. лігі, Қаржы минис. трлігі |
| 10 | Ол бойынша электр энергиясын таратуды ұйымдастыру үшін кернеуі 1150 кВ электр таратылатын мемлекетаралық желілерін Қазақстан және Ресей энергия жүйелері. нің жұмысына қосу мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету және желілерді қалпына келтіру мен пайдалану жөніндегі шығыс. тардың өзара өтемақы схемасын әзірлеу | 2001 жылғы I тоқсан | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі, "KEGOC" АҚ (келісім бойынша) |
| 11 | Қазақстан Республикасы мен Ресей Феде. рациясы энергия жүйелерінің қосарлас жұмыс режиміндегі электр энергиясы ағынын кедендік ресімдеу мен бақылау. дың оңайлатылған ерекше тәртібін әзір. леу, келісу және қолданысқа енгізу | 2001 жылғы I тоқсан | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| | 3. Мұнай өнеркәсібі | | |
| 12 | Ресей Федерациясының аумағы бойынша Қазақстан мұнайы ұзақ мерзімді транзиті туралы үкіметаралық келісімнің жобасын дайындау | 2001 жылғы II тоқсан | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі |
| | 4. Газ өнеркәсібі | | |
| 13 | Қазақстан өндірушілердің ұшпалы газ кон. денсаты мен шикі газды Қарашығанақ мұнай-газ кенішінен Орынбор газ өңдеу зауытына ұзақ мерзімді кезеңге процес. синг шартымен өңдеуге жыл сайын жеткізуі мүмкіндігін қарау | 2001 жылғы I тоқсан | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі, "Қазақойл" ЖАҚ ҰМК (келісім бойынша) |
| 14 | Ресей Федерациясының газ көздерінен | 2001 жылғы | Қазақстан Республи. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Астана қаласын газбен жабдықтау нұсқа. ларын пысықтауды аяқтау | I тоқсан | касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі |
| 15 | ТМД және алыстағы елдерге экспорттауға газдың одан әрі транзиті үшін "Газпром" ААҚ-ның газ құбыры жүйесіне қазақстан. дық шаруашылық жүргізуші субъектілері. нің енуін қамтамасыз ету жөнінде ресей тарапымен келіссөздер жүргізу | 2001 жылғы I тоқсан | Қазақстан Республи. касының Энергетика және минералдық ресурстар министр. лігі, "Қазақойл" ЖАҚ ҰМК (келісім бойынша) |
| | 5. Көлік | | |
| 16 | Екі елдің аумағы бойынша жүк тасымал. дау кезінде өндіріліп алынатын тариф. терді ресейлік тараппен келісу жөнін. дегі жұмысты жалғастыру. Транзиттік қатынастағы темір жол көлігімен жүк тасымалының тарифтік саясаты мәселеле. рін пысықтау | Тұрақты | Қазақстан Республи. касының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 17 | 2000 жылғы 12 қыркүйектегі "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі туралы Үндістан, Иран және Ресей үкі. меттерінің арасындағы келісімге Қазақ. станның қосылуы жөніндегі рәсімдерді орындау | 2001 жылғы 31 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республи. касының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 18 | Ресей (Санкт-Петербург) - Қазақстан (Ақтау) - Иран (Анзалы, Ноушехр, Амирабад) - Парсы шығанағы бағытын іске асыруға Қазақстанның қатысуын қамтама. сыз ету | 2001 жылғы 31 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республи. касының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| | 6. Әртүрлі | | |
| 19 | Білім саласындағы қазақстандық-ресейлік | Тұрақты | Қазақстан Республи. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ынтымақтастықты дамыту және бірлескен оқу орындарын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру | | касының Білім және ғылым министрлігі |
| 20 | Ресейлік құқық қорғау органдарымен бір. лесіп халықаралық терроршылдыққа және қылмыстардың басқа да түрлеріне қарсы күрес жөніндегі жұмысты жалғастыру | Тұрақты | Қазақстан Республи. касының Ұлттық қауіпсіздік комите. ті (келісім бойын. ша), Ішкі істер ми. нистрлігі, Қорғаныс министрлігі |
| 21 | Каспий теңізінің проблемалары бойынша ресейлік тараппен тұрақты консультация. лар өткізу | 2001 жыл бойы | Қазақстан Республи. касының Сыртқы іс. тер министрлігі |
| 22 | 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Респу. бликасы мен Ресей Федерациясының ара. сындағы Жер қойнауын пайдаланудың еге. мендік құқықтарын жүзеге асыру мақса. тында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін шекке бөлу туралы келісімге Хат. таманы қол қоюға дайындау | 2001 жылғы 31 желтоқ. санға дейін | Қазақстан Республи. касының Сыртқы істер министрлігі |

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК